

Бейнеу аудандық мәслихатының 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 31/256 "2019 - 2021 жылдарға арналған Бейнеу ауылының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 2019 жылғы 5 сәуірдегі № 34/278 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 11 сәуірде № 3861 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Бейнеу аудандық мәслихатының 2019 жылғы 18 наурыздағы №33/272 "Бейнеу аудандық мәслихатының 2019 жылғы 10 қаңтардағы №30/250 "2019-2021 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №3848 болып тіркелген) шешіміне сәйкес, Бейнеу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. Бейнеу аудандық мәслихатының 2019 жылғы 23 қаңтардағы №31/256 "2019-2021 жылдарға арналған Бейнеу ауылының бюджеті туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №3796 болып тіркелген, 2019 жылғы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 тармағы келесідей мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2019-2021 жылдарға арналған Бейнеу ауылының бюджеті сәйкесінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға келесідей көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 196 513,0 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша - 110 229,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша - 250,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша - 0 теңге;

трансферттердің түсімдері бойынша - 86 034,0 мың теңге;

2) шығындар - 206 124,0 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 теңге:

бюджеттік кредиттер - 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - 0 теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 теңге.";

2 тармақ келесідей мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Аудандық бюджеттен 2019 жылға Бейнеу ауылы бюджетіне 86 034,0 мың теңге сомасында субвенция бөлінгені қаперге алынсын.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес 4 қосымшамен толықтырылсын.

2. "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы Ж.Оспанов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Әбілшеевке жүктелсін.

4. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

Р.Тайшыбаев

А.Ұлұқбанов

Бейнеу аудандық мәслихатының
2019 жылғы 5 сәуірдегі №34/278
шешіміне 1 қосымша
Бейнеу аудандық мәслихатының
2019 жылғы 23 қаңтардағы
№31/256 шешіміне 1 қосымша

2019 жылға арналған Бейнеу ауылының бюджеті

Санаты			Сомасы, мың теңге
Сыныбы			
Кіші сыныбы			
		Атауы	
		1.Кірістер	196 513,0
1		Салықтық түсімдер	110 229,0
	01	Табыс салығы	41 055,0
	2	Жеке табыс салығы	41 055,0
	04	Меншікке салынатын салықтар	69 174,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	2 353,0
	3	Жер салығы	1 399,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	65 422,0
2		Салықтық емес түсімдер	250,0
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	250,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	250,0

4		Трансферттердің түсімдері	86 034,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	86 034,0
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	86 034,0
Функционалдық топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Сомасы, мың теңге
	Бағдарлама		
	Атауы		
		2. Шығындар	206 124,0
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	83 123,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	83 123,0
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	83 123,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	115 592,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	115 592,0
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	57 987,0
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	57 605,0
12		Көлік және коммуникация	7 409,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	7 409,0
	012	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау	513,0
	013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	6 896,0
		3. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
		Бюджеттік кредиттер	0,0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
		4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
		Қаржы активтерін сатып алу	0,0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0,0
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	9 611,0
		Қарыздар түсімдері	0,0
		Қарыздарды өтеу	0,0
		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	9 611,0
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	9 611,0
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	9 611,0
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	9 611,0

Бейнеу аудандық мәслихатының
2019 жылғы 5 сәуірдегі №34/278
шешіміне 2 қосымша
Бейнеу аудандық мәслихатының
2019 жылғы 23 қаңтардағы
№31/256 шешіміне 4 қосымша

2019 жылға арналған бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға бағытталған Бейнеу ауылы бюджетінің бюджеттік даму бағдарламаларының тізбесі

Функционалдық топ		
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	
	Бағдарлама	
	Атауы	
12	Көлік және коммуникация	
124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	
	012	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК